

## **«Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**

Нұр-Сұлтан қаласы

2020 жылғы 25 қыркүйек

Біз, жұмыс тобының құрамында: Басқарма басшысының орынбасары Р.С. Нұрғазина, әкімшілік бөлімінің басшысы А.Т. Бекжігітова, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есептілік бөлімінің басшысы С.К. Тілеуова, бюджеттің орындалуын жиынтық талдау және қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру бөлімінің басшысы Е.Д. Ахметов, әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау бөлімінің басшысы С.Т. Донбаева, қарызды есепке алу, инвестициялық жобалардың орындалуын талдау және нақты сектордың бөлімі басшысының міндетін атқарушы Б.К. Шыңғалиева, басқару органдары, қорғаныс және құқық қорғау органдары саласындағы бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау бөлімі басшысының міндетін атқарушы С.Ж. Қадырова, әкімшілік бөлімінің бас маманы Б.Э. Алибеков **2020 жылдың сәуірінен қыркүйек айы бойынша «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.**

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес және «Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» ММ басшысының 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 27/О бұйрығының негізінде жүргізілді.

«Нұр-Сұлтан қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі — Басқарма) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін, Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің қаулыларын, шешімдері мен өкімдерін және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9 сәуірдегі № 1-449 қаулысымен бекітілген Басқарма туралы ережені басшылыққа алады.

### **I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Басқару құрылымы алты құрылымдық бөліністен тұрады:

- Бюджеттің орындалуын жиынтық талдау және қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру бөлімі;
- Қарызды есепке алу, инвестициялық жобалардың орындалуын талдау және нақты сектордың бөлімі;
- Әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламалардың орындалуын талдау бөлімі;